



TORAIGHYROV
UNIVERSITY

ҚЫЗМЕТТІК НҰСҚАУЛЫҚ

САПА МЕНЕДЖМЕНТ ЖҮЙЕСІ



Бекітемін

Басқарма Аппаратының басшысы

И. Оралканова

20 25 жыл

«МАШИНА ЖАСАУ ЖӘНЕ СТАНДАРТТАУ» КАФЕДРАСЫНЫҢ ТЕХНИГІ

«Торайгыров университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғам

Павлодар

2025

Кіріспе

1 ДАЙЫНДАЛҒАН: Жұмыс тобының қатысуымен.

2 ӘЗІРЛЕУШІЛЕР:

2.1 Жұмыс тобының жетекшісі: Абишев К. К. – инженерия факультетінің деканы.

2.2 Мусина Ж. К. – «Машина жасау және стандарттау» кафедрасының меңгерушісі.

2.3 Ткачук А. А. – «Машина жасау және стандарттау» кафедрасының оқу зертханаларының меңгерушісі.

3 ЕНГІЗІЛГЕН: HR-қызметімен.

4 БЕКІТІЛГЕН: 2025 жылғы 20 10 № 16-26/02 бұйрықпен.

5 ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ: 20 10 2025 жылдан бастап.

6 2016 жылғы 25 тамыздағы СМЖ ҚН ОРНЫНА ЕНГІЗІЛДІ

7 САРАПТАМА ТОБЫ

7.1 Сараптама тобының жетекшісі – Букенов Д. М., Заң бөлімі бастығы.

7.2 Тусупова А. М. – Персоналды дамытуға сүйемелдеу бөлімі бастығы.

7.3 Нормобақылаушы – Баяхметова Г. С., Стратегиялық жоспарлау және сапа менеджменті орталығының сапа инженері.

8 Қызметтік нұсқаулықты ТЕКСЕРУ МЕРЗІМДІЛІГІ – 3 жылда 1 рет.

1 Жалпы ережелер

1.1 Техник мамандықтар санатына жатады, жұмысқа қабылдау және жұмыстан босату Коммерциялық емес акционерлік қоғам (бұдан әрі – КеАҚ) «Торайғыров университетінің» (бұдан әрі – университет) Басқарма Төрағасы-ректорының бұйрығымен кафедра меңгерушісімен келісім бойынша жүзеге асырылады.

1.2 Техник лауазымына жоғары, орта-кәсіптік немесе орта білімі бар және кафедраның кәсіптік даярлау бағыты бойынша кемінде 3 жыл жұмыс өтілі бар адам тағайындалады.

1.3 Техник тікелей кафедра меңгерушісіне бағынады.

1.4 Өз қызметінде техник мыналарды басшылыққа алады:

- Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 30 тамыздағы республикалық референдумда қабылданған Конституциясын (бұдан әрі – ҚР);
- 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V ҚР Еңбек кодексін;
- 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III «Білім туралы» ҚР Заңын;
- 1997 жылғы 11 шілдедегі № 151-I «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» ҚР Заңын;
- 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» ҚР Заңын;
- 2020 жылғы 30 желтоқсандағы № 396-VI «Техникалық реттеу туралы» ҚР Заңын;
- 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 ҚР Білім және ғылым министрінің «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығын;
- 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 ҚР Білім және ғылым министрінің «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығын;
- 2014 жылғы 4 желтоқсандағы № 506 ҚР Білім және ғылым министрінің «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында білім алушыларға академиялық демалыстар беру қағидаларын бекіту туралы» бұйрығын;
- 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 ҚР Білім және ғылым министрінің бұйрығымен бекітілген Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын;
- 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 ҚР Білім және ғылым министрінің бұйрықпен бекітілген Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын;
- 2018 жылғы 27 қыркүйектегі № 500 ҚР Білім және ғылым министрінің бұйрықпен бекітілген Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің

мамандықтары мен біліктіліктерінің сыныптауышын;

- «Торайғыров университеті» КеАҚ оқу қызметін реттейтін басқа да ҚР нормативтік-құқықтық актілерін;

- «Торайғыров университеті» КеАҚ Жарғысын;

- «Торайғыров университеті» КеАҚ ішкі еңбек тәртібі мен еңбек ережелерін;

- «Торайғыров университеті» КеАҚ жұмыс беруші мен қызметкерлер арасындағы ұжымдық шартты;

- «Торайғыров университеті» КеАҚ Миссиясын, Саясатын және Мақсаттарын;

- «Торайғыров университеті» КеАҚ 2023-2029 жылдарға арналған даму бағдарламасын;

- «Торайғыров университеті» КеАҚ корпоративтік этика кодексін;

- «Торайғыров университеті» КеАҚ ұйымдастырушылық-басқарушылық құжаттарын;

- сапа менеджменті жүйесі саласындағы халықаралық стандарттарды;

- Академиялық қызмет департаменті мен Оқу үдерісін әдістемелік реттеу және бақылау бөлімі мақсаттарын;

- «Торайғыров университеті» КеАҚ сапа менеджменті жүйесін қамтамасыз ететін ішкі құжаттарды;

- «Торайғыров университеті» КеАҚ құрылымының иерархиясы мен қызмет бағыттарын;

- арнайы кафедра туралы ережені;

- осы қызметтік нұсқаулықты;

- еңбекті қорғау, техника қауіпсіздігі және өрт қауіпсіздік қағидаларын мен нормалары.

1.6 Техник уақытша болмаған кезде (ауруына, демалысқа, іссапарға байланысты) оның лауазымдық міндеттерін Басқарма Төрағасы-ректордың бұйрығымен тағайындалған тұлға орындайды.

2 Қызметтік міндеттері

2.1 Жұмыстың жалпы бағыттары

2.1.1 Жабдықтар мен аспаптардың жарамдылығын және тазалығын қамтамасыз ету.

2.1.2 Жабдықтар мен аспаптарға профилактикалық және ағымдағы жөндеу жүргізу.

2.1.3 Жабдықтарды орнатуға қатысу.

2.1.4 Оқу сабақтарын өткізу үшін зертханалардың жұмыс орындарын дайындау.

2.1.5 Еңбек қауіпсіздігін сақтау, білім алушылардың еңбек ету мәдениетін, заманауи техника мен өндіріс технологияларын меңгеруін қамтамасыз ету.

2.1.6 Кафедраның істер номенклатурасына сәйкес іс жүргізуді жүзеге

асыру.

2.1.7 Шешімдерді дайындау және қабылдау кезінде ақпарат пен құжаттарды өңдеу.

2.1.8 ҚР ҒЖБМ нормативтік құжаттарының, «Торайғыров университеті» КеАҚ ішкі нормативтік құжаттарының және қолданыстағы ҚР заңнамасының талаптарын сақтау.

2.1.9 Еңбек тәртібін сақтау.

2.1.10 Университет пен факультет мүлкіне ұқыпты қарау және кафедра мүлкі үшін материалдық жауапкершілік алу.

2.1.11 Қызметтік ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз ету.

2.1.12 Тапсырмалар мен нұсқауларды орындау кезінде белгіленген мерзімдерді сақтау.

2.1.13 Қызметкерлердің өзара алмастырылуын (ауру, демалыс, іссапар кезінде) қамтамасыз ету.

2.1.14 Өзінің еңбек қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жол бермеу.

2.1.15 Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау ережелерін сақтау.

2.1.16 Университеттің білім беру порталында жарияланатын ақпаратты уақтылы жаңартып отыру.

2.1.17 Флюорографиялық тексеруден уақтылы өту және жұмысқа рұқсат алу.

2.1.18 Құрылымдық бөлімшенің қызметінде сапа менеджменті жүйесінің талаптарын сақтау.

3 Құқықтары

Техник құқылы:

- 1) кафедра қызметіне қатысты басшылық шешімдерімен танысуға;
- 2) өз біліктілігін арттыруға;
- 3) кафедра меңгерушісінің тапсырмасы бойынша құрылымдық бөлімшелерден берілген тапсырмаларды орындау үшін қажетті ақпарат пен құжаттарды сұратуға;
- 4) кафедра зертханаларының жұмысын жетілдіруге бағытталған ұсыныстарды кафедра меңгерушісінің қарауына енгізуге.

4 Жауапкершілігі

Техник жауап береді:

- 1) өзіне жүктелген осы қызметтік нұсқаулықта көзделген міндеттерді тиісінше орындамағаны және орындамағаны үшін;
- 2) «Торайғыров университеті» КеАҚ ішкі еңбек тәртібі ережелерін бұзғаны үшін;
- 3) «Торайғыров университеті» КеАҚ қызметтік пайдалануға арналған ақпаратты таратқаны үшін;

- 4) өз қызметін жүзеге асыру барысында ҚР қолданыстағы заңнамасында белгіленген құқық бұзушылықтар жасағаны үшін;
- 5) ҚР қолданыстағы заңнамасында көзделген жағдайларда «Торайғыров университеті» КеАҚ-на материалдық залал келтіргені үшін;
- 6) сұратылған ақпараттың шынайылығын және сапалы түрде ұсынылуын қамтамасыз ету бойынша жеке жауапкершілік алады;
- 7) тауарлар мен қызметтерді мемлекеттік сатып алу жоспарын қалыптастыруға арналған өтінімдерді уақтылы ресімдегені үшін жауап береді;
- 8) ұжымда қолайлы моральдық-психологиялық ахуал қалыптастырғаны үшін жауап береді;
- 9) басшылықтың ауызша және жазбаша нұсқауларын орындамағаны үшін жауап береді.



5 Өзара байланыстар

5.1 Техник тікелей кафедра меңгерушісімен, факультеттің басқа құрылымдық бөлімшелерінің қызметкерлерімен және «Торайғыров университеті» КеАҚ бөлімшелерімен өзара әрекеттеседі.

5.2 Басқа лауазымды тұлғалармен және бөлімшелермен өзара әрекеттесу тиісті бөлімшелердің басшыларының қатысуымен жүзеге асырылады.

Қосымша А
(міндетті)

СМЖ Н 4.01.6/01

КЕЛІСУ ПАРАҒЫ		
Лауазымы, Т.А.Ә.	Келісу күні	Қолы
Персоналды дамытуға сүйемелдеу бөлімінің бастығы Тусупова А. М.	<u>20</u> <u>10</u> 20 <u>25</u> ЖЫЛ	 (КОЛ)
Заң бөлімі бастығы Букенов Д. М.	<u>20</u> <u>10</u> 20 <u>25</u> ЖЫЛ	 (КОЛ)
Нормобақылау: Стратегиялық жоспарлау және сапа менеджменті орталығының сапа инженері Баяхметова Г. С.	<u>20</u> <u>10</u> 20 <u>25</u> ЖЫЛ	 (КОЛ)

ҚҰЖАТТЫҢ РҰҚСАТСЫЗ КӨШІРМЕЛЕНУІНЕ ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ!

Осы құжатты «Торайғыров университеті» КеАҚ Басқарма Төрағасы-ректорының рұқсатынсыз толық
немесе ішінара қайта басып шығаруға, көбейтуге және таратуға болмайды

